



ДУҒА КІТАБІ



МОЛИТВОСЛОВ





ДУГА КІТАБІ

МОЛИТВОСЛОВ

Дұға кітабі. Молитвослов. — Басылым. 1, 2023 ж. Изд. 1-е, 2023.
Қазақша, орысша. На казахском, русском языках.

Бұл басылымда күнделікті және әртүрлі қажеттіліктерге қатысты оқылатын православтық дұғалардың мәтіні бар. Басылым атақты икона суретшісі Сергей Соколов Қазақстанның ғибадатханалары үшін салған иконалардың фотосуреттерімен безендірілген.

Данное издание содержит тексты православных молитв, читаемых как ежедневно, так и применительно к различным нуждам. Издание иллюстрировано фотографиями икон, созданных известным иконописцем Сергеем Соколовым для храмов Казахстана.



ДҰҒА КІТАБІ / МОЛИТВОСЛОВ

протоиерей **Евгений Иванов**

Жоба жетекшісі – Алматы православтық діни семинариясының ректоры

Руководитель проекта – ректор Алматинской православной духовной семинарии

иерей **Елисей Кукеев**

Қазақ тіліне аударған – діни қызметкер
Перевод на казахский язык

Серік Есентаев

Дизайн, беттеу / Дизайн, верстка

Қазақстан Митрополиттік округінің баспа бөлімі
Издательский отдел Казахстанского Митрополитического округа

© «АПОСТОЛ» қоғамдық қоры
© Общественный фонд «АПОСТОЛ»



ҚАЗАҚСТАН
ПРАВОСЛАВИЕ ШІРКЕУІНІҢ БАСШЫСЫ,
АСТАНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МИТРОПОЛИТІ
АЛЕКСАНДРДЫҢ
БАТА БЕРУІ БОЙЫНША

ПО БЛАГОСЛОВЕНИЮ
ГЛАВЫ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ КАЗАХСТАНА
МИТРОПОЛИТА АСТАНАЙСКОГО
И КАЗАХСТАНСКОГО
АЛЕКСАНДРА

Орыс тілінде қатар мәтіні бар қазақ тіліндегі
дұға кітабы

Молитвослов на казахском языке
с параллельным текстом на русском языке




ОБРАЗОУ ГЛА ПРАВОГО ПУТИ ХА



ГЛА ВСЕ

ПРАВИТЕЛЬ



ДУГА
ЖАЙЫНДА



МОЛИТВЕ



ДУҒА ЖАЙЫНДА



Православтық христианиннің өмірлік мақсаты – Құдаймен бірге болу. Өзін христианинмін деп атаған әркім Бір Құдайға сенеді. Сену деген не? Сену деген – сенім білдіру, жақсы көру, тыңдау. Сенуші өзінен көрі Құдайға сенім білдіреді, Құдайды өзінен де жақсы көреді, өзінің еркінен көрі, Құдайдың еркін орындауға ұмтылады. Тәңіріміздің қашанда болса да жанымызда екеніне біздің көзіміз жеткілікті, Ол әр қашанда жақын және бізді – Өзінің балаларын тастамайды. Құдайдың ерекше қамқорлығы оның өмірінде бар екенін христианин біледі. Өзінің Қамқорлығымен Тәңіріміз әр адамды жамандықтан құтқарулыққа жетелейді, Аспан Патшалығындағы мәңгі өмірге бағыттайды. Кейде бұл жол қиын сынаулықтардан тұрады. Құдай Оған сенгендерді ешқашан тастамайды. Құдай Ие Исаия пайғамбар арқылы сенушіге былай дейді:

О МОЛИТВЕ



Цель жизни православного христианина – соединение с Богом. Каждый, кто называет себя христианином, верит в Единого Бога. А что значит верить? Верить – значит доверять, любить, слушаться. Верующий доверяет Богу больше, чем самому себе, любит Бога больше, чем самого себя, стремится исполнять Его повеления больше, чем свою волю. У нас есть уверенность, что Господь всегда рядом, всегда близко и никогда не оставит нас – Своих детей. Христианин знает, что в его жизни действует Промысл Божий, то есть особая забота Бога. Своим Промыслом Господь ведет человека к спасению от зла, ведет к вечной жизни в Небесном Царстве. Иногда этот путь пролегает через сложные испытания. Бог никогда не оставляет верующих в Него. Господь через пророка Исаию говорит каждому верующему: «Не бойся, ибо Я с тобою; не

«Қорықпа, өйткені Мен сенімен біргемін; қымсынба, өйткені Мен сенің Құдайыңмын; Мен сені нығайтамын, және көмектесемін, және оң қолымның шындығымен болысам» (пайғамбар Исаияның кітабі, 41 тарау, 10 өлең). Православие сенімі – бұл тек Құдайдың бар екенін мойындау ғана емес, бұл Тірі Құдаймен шынайы және өмірлі қатынас. «Сенімсіз Құдайға жағу мүмкін емес» – деп (Еврейлерге жолдауында 11 тарау, 6 өлеңінде) апостол Павел үйретеді. Бізді сауықтыратын және әлдендіретін Құдайдың нұр жауған құт берекесі, тек сенімімізге қарай беріледі. Ең басты сұрақтар – сенімге қалай келіп, оны жүрегімізде қалай нығайта аламыз? Сенім Құдайға жүгінуде, дұға арқылы келеді. Дұға оқыған адам Құдайдың өзінің өмірінде бар екенін сезінеді, сондықтан енді оған Құдайдың бар екен дәлелі керек емес. Ол Құдайға дұға оқып, сұрағанын алатынын біледі. Сенімді нығайтатын екіншіден, ол Құдайға алғыс білдіру. Өз өміріңде Құдайдың бізге төгіліп жатқан қайырлығын және сыйларын есте сақтау керек. Тәңірге алғысымызды

смушайся, ибо Я Бог твой; Я укреплю тебя, и помогу тебе, и поддержу тебя десницею правды Моей» (Книга пророка Исаии, 41 глава, 10 стих). Православная вера – это не просто признание того, что Бог существует, а реальная и живая связь с Живым Богом. «Без веры угодить Богу невозможно» (Послание к Евреям, 11 глава, 6 стих), – учит нас апостол Павел. Благодать Божия, исцеляющая и укрепляющая нас Его спасительная сила, подается только по нашей личной вере. Самые главные вопросы – как обрести веру и как укрепить ее в своем сердце? Вера приобретается через обращение к Богу, через молитву. Молясь, человек начинает чувствовать присутствие Божие в своей жизни, и ему уже не нужны другие доказательства бытия Божия. Он знает, что, обращаясь с молитвой к Господу, он получает просимое. Второе, чем укрепляется вера, это благодарность Богу. Необходимо замечать в своей жизни благодеяния и дары Божии, изливаемые на нас. Притом благодарить Господа нужно не только за приятные минуты жизни, но и за посылаемые

тек өміріміздің қуанышты күндері ғана емес, сонымен қатар сынақ кездерінде де білдіруіміз керек. «Жақсылық болса – Құдайға алғысыңды айт, сонда жақсылық қалады. Жамандық болса – Құдайға алғысыңды айт, сонда жамандық кетеді. Бәрі үшін Құдайға даңқ!» – дейді киелі епископ Иоанн Златоуст.

Дұға – бұл, ең басымен Құдаймен тілдесу. Дұға өзінің нысаны бойынша тілдесу, сөйлесу болып табылады: оның сөйлем түрі бар.

Құдайды есту, Онда Әкені сезу, Оны өзіңнің өміріңде сезіп білу – дұғаның шынайы мақсаты болып табылады. Дұғамызға келген Құдайдың жауабы әртүрлі түрде болады, бірақ шынайы жүрегімен айтылған христианның дұғасы жауапсыз қалмайды.

Құдайға дұға оқу үшін басқа тілді білудің қажеті жоқ, өзің білетін тілмен дұға айта аласың. Храмда Құдайға қызметтік кезінде ерекше литургиялық тіл қолданылады, бірақ үйде дұға оқу үшін ол міндетті

испытания. «Случилось хорошее – благословляй Бога, и хорошее останется. Случилось плохое – благословляй Бога, и плохое прекратится. Слава Богу за все!» – говорит святитель Иоанн Златоуст.

Молитва – это, прежде всего, общение с Богом. По своей форме молитва является беседой, разговором: она имеет словесное выражение.

Услышать Бога, почувствовать в Нем Отца, ощутить Его присутствие в своей жизни – вот что является подлинной целью молитвы. Ответ Бога на молитву может приходиться в самых разных формах, но никогда искренняя и сердечная молитва христианина не остается без ответа.

Для того, чтобы молиться Богу, не обязательно знать какой-то иной язык кроме того, на котором мы говорим и думаем. В храме за богослужением употребляется особый, литургический, язык, но для молитвы домашней это совсем не обязательно. С Богом можно общаться так же, как мы

емес. Құдаймен өзіміздің әке-шешемізбен, балаларымызбен, жақындарымызбен қатынасқандай тілдесе аламыз. Ең бастысы біздің дұғамыз адал, қастерлі, шын жүректен болуы тиіс.

Дұғаны әр жерде және әр уақытта оқи аламыз. Үйде, сонымен қатар храмда христианин тұрып, иконаларға қарап және дұғаны кресті белгімен, өзіне кресті белгі салып дұға айтады. Кресті белгі салу үшін үш (үлкен, сұқ және ортаңғы) саусақтарды бірге қосады, ал екі (ортаңғы кіші саусақ пен шынашатқы) алақанға басады, және дұға айтқанда кезектеп оң қолын маңдайына, төсіне, оң және сол иғына тигізеді. Бірақ ерекше жайларда отырып та дұға айтуға болады (мысалы қоғамдық транспортта), жатып та болады (мысалы егер адам сырқатына байланысты төсек тартып жатса). Ондай жағдайда дұғаның сыртқы белгілерін орындамай, аузында ашпай ақ, тек өзің іш дүниесімен және жүрегімен дұға айта алады.

Дұға өзінің мазмұны бойынша алғыс айту, тәубе ету әлде бір нәнсені сұрайтын болуы мүмкін.

общаемся с родителями, детьми, близкими. Самое главное, чтобы наша молитва была искренней, благоговейной и сердечной.

Молиться можно в любом месте и в любое время. В обычной домашней обстановке, а также в храме, христианин молится стоя, взирая на иконы и сопровождая молитву крестным знамением, то есть осеняя себя знаком креста. Для этого три пальца правой руки (большой, указательный и средний) соединяются вместе, а два (безымянный и мизинец) пригибаются к ладони, и молящийся правой рукой прикасается поочередно ко лбу, груди, правому и левому плечу. Но в особых обстоятельствах можно молиться и сидя (например, в общественном транспорте), и даже лежа (например, если человек прикован к постели из-за болезни). При этом можно вообще воздерживаться от внешних знаков молитвы и, не открывая уста, молиться внутри себя одним умом и сердцем.

Молитва в зависимости от своего содержания может быть благодарственной, покаянной или просительной.

Адамдар жиі еңбектері мен жетістіктеріне Құдайдың көмегісіз өзінің қабілеттілігімен жеттім деп ойлайды. Адамдар жиі өмірлік оқиғаларында, олар үшін үздіксіз қамқорлық еткен Құдайды байқамайды. Құдайдың бізге қайырымдылығы үшін Оған алғыс айту өте маңызды, біздің өмірімізде Оның қатыстығын көруді үйренуіміз керек.

Әулиелер жазған көптеген дұғалардың тәубе ету сипаты бар. Ұйқыға кетердің алдында христианин өткен күнді еске алып, жасаған қәтеліктеріне Құдайдан кешірім сұрайды. Алғашқы мүмкіндік туған кезде бұл қәтеліктерді тәубе ету құпиясында айту керек.

Сұрау дұғасының алуан түрі бар. Адам Құдайдан рухани өмірге көмек сұрай алады, сонымен қатар әр түрлі материалдық қажеттілікті де. Құдайға азғантай болса да керектілікті сұраудан ұялмау керек. Бірақ дұғаны тек материалдық игілікке апаратын жол деп ойламауға болмайды. Дұғада ең бастысы адамның Құдайға ғибадат етуі және Онымен бірге тілдесуі маңызды.

Очень часто человек приписывает своим способностям и трудам те успехи, которых он не достиг бы без помощи Божией. Нередко за событиями своей жизни человек не видит Бога, Который непрестанно о нем заботится. Очень важно уметь благодарить Бога за Его благодеяния, учиться видеть Его участие в нашей жизни.

Многие молитвы, составленные святыми, имеют покаянный характер. Каждый раз, отходя ко сну, христианин призывается вспомнить прошедший день и испросить у Бога прощения за допущенные ошибки. При первом же удобном случае эти ошибки нужно назвать на исповеди.

Просительная молитва может иметь самое разное содержание. Человек может просить помощи Божией в духовной жизни, а также в разного рода материальных нуждах. Не следует стесняться обращаться к Богу даже с самыми незначительными просьбами. Но молитву нельзя считать лишь средством к достижению каких-либо материальных благ. В молитве важен сам факт предстояния человека Богу и общения с Ним.

Христианин тек өзі үшін ғана дұға етпей, өзінің жақындары – әке-шешесі, балалары, туысқандары, бірге қызмет еткен, бастықары мен қол астындағылар үшін де дұға оқуы керек. Шіркеудің тарихында ананың дұғасы баласын өлімнен құтқарған, дәрігерлер жазылуға мүмкіндік жоқ деген, төсек тартып ауырып жатқан күйеуін әйелі Құдайдан «жалбырынып сұрап алған» көптеген оқиғаларды біледі. Жақындарың үшін дұға айту – оларға көмек көрсетудің әстерлі амалы және игі істердің бірі болады, бұл адамнан материалдық шығынды талап етпейді, тек жүрегіңнің игі ықыласы керек.

Иисус Христос Құдайымыз Өзінің ізбасарларына дұғаны тек жақындарына ғана емес, сонымен қатар өздерінің ренжітушілері мен қуушылары үшін де айтуға шақырады (Матфейден Игі Хабар, 5 тарау, 43-44 өлеңдер). Дұға – адамдардың ызасына, өшпенділігі мен қастандығына айтылатын әр-жақты жауап. Адамдар жамандықты тек жамандықпен ғана жеңуге болады

Христианин призван молиться не только о себе, но и о своих ближних – родителях, детях, родственниках, близких, сослуживцах, начальниках и подчиненных. История Церкви знает много случаев, когда молитва матери спасала детей от смерти, когда жена «вымаливала» у Бога тяжело больного мужа, которому врачи уже вынесли смертный приговор. Молитва за близких – действенное средство для оказания им помощи и одно из тех добрых дел, которое не требует от человека никаких материальных затрат, а только доброго сердечного расположения.

Господь Иисус Христос призывает Своих последователей молиться не только за близких, но и за обидчиков и гонителей (Евангелие от Матфея, 5 глава, с 43 по 44 стих). Молитва – универсальный ответ на человеческую злобу, ненависть или вражду. Очень часто люди думают, что победить зло можно только ответным злом. Но Христос учит иначе: зло побеждается добром. И молитва является мощным средством

деп ойлайды. Бірақ Христос өзгеше үйретеді: жамандық жақсылықпен жойылады. Сондықтан дұға, бұл жеңісте қуатты амал, өйткені жаулары үшін дұға оқыған адам, өз жүрегіндегі оларға деген қастандықты және өшпенділікті тазартады, ал бұл татуласу үшін басты қадам.

Христиандар тек тірілер үшін ғана емес, соныменқатар қайтыс болғандар үшін де дұға айтады. Бұндай дұғалар әсіресе, Құдай, олардың тағдырын шешіп жатқан қайтыс болғандар үшін маңызды. Жер бетіндегі әр адам туыс тамырлық, махаббаттық, достық және көптеген адамдармен кәсіби қатынасының дәнекерлігімен байланысты. Және біз қалай осы өмірдегі жақындарымызға жанашырлық жасасақ, олар о дүниеге кеткеннен кейінде жанашырлығымызды тоқтатпауымыз керек.

Қайтыс болғандар үшін дұға ету, сонымен қатар, әлі жер бетінде болған өзімізге маңызды. Ол жоғалтқан адам үшін қайғыны шыдауға көмектеседі, біз өзіміз

для этой победы, ибо благодаря молитве за врагов человек изживает в своем сердце вражду и ненависть к ним, а это уже важный этап на пути к примирению.

Христиане молятся не только за живых, но и за усопших. Такая молитва важна прежде всего для тех, кто уже перешел в мир иной и чья посмертная участь решается Богом. Каждый человек на земле связан узами родства, любви, дружбы, профессионального общения со многими другими людьми. И как мы сочувствуем нашим близким при жизни, так мы должны сочувствовать им и когда они уходят от нас.

Молитва за усопших, кроме того, важна для нас самих, пока еще остающихся на земле. Она помогает нам пережить потерю близкого человека, не утратить с ним связь, которая полностью восстановится после того, как мы сами вслед за ним перейдем в вечность.

оның артынан мәңгілікке кетіп, толығымен бірге болғанға дейін, онымен қатынасты жоғалтпайды.

Кейде мынандай сұрақтар қойылады: егер Құдай біздің Оған айтатынымызды біз сұрамаяқ білсе, онда дұға айтудың не керегі бар? Біз Құдайға Оның білмейтінін айту үшін дұға етпейміз, біз Оған бізге маңыздыны, жанымызға батқанды айту үшін дұға айтамыз. Құдай біздің сұрағанымызды қашанда болса да естиді. Адамның өмірі тек Тәңірдің қалауымен ғана болмайды, бірақ сонымен қатар адамның өзінің қалауымен Құдайдан сұрағанынан тұрады. Соңғы нәтижесінде адам өмірі, адам мен Құдайдың бірге құрған шығармашылығының жемісі болып табылады.

Христианиннің өмірлік мақсаты, оның жеке өз еркі толығымен Құдайдың еркімен бірігуден тұрады. Сондықтан «Аспандағы Әкеміз» дұғасындағы айтылған - «Сенің еркің болсын» - деген сөздер, әр дұғада болуы тиіс. Біз Құдайдан жанымыздың қалағанын сұрай аламыз, бірақ өзімізді Құдай еркіне

Иногда спрашивают: зачем молиться, если Бог и так знает все, что мы хотим Ему сказать? Мы молимся не для того, чтобы сообщить Богу то, чего Он не знает: мы молимся, чтобы поделиться с Ним тем, что для нас важно, что наболело. И Бог всегда слышит наши просьбы. Жизнь человека складывается не только из воли Божией, но и из того, чего желает и чего просит у Бога сам человек. В конечном итоге жизнь является плодом совместного творчества человека и Бога.

Цель жизни христианина заключается в том, чтобы его личная человеческая воля полностью соединилась с Божией волей. Поэтому прошение молитвы «Отче наш» – «да будет воля Твоя» – отражает то настроение, которым должна быть проникнута любая молитва. Мы можем просить у Бога всего, чего хотим, но в конце концов должны вверять себя в волю Божию, помня, что Бог лучше нас самих знает, что нам нужно.

Именно по этой причине человек иногда не получает от Бога то, чего у Него просит. Если мы молимся, но не получаем

сеніп тапсыруымыз керек, өйткені Құдай бізге керектігін бізден де жақсы біледі.

Егер дұға айтып, бырақ сұрағанымызды алмасақ, Құдай естімейді емес: Ол оны басқа түрде шешеді. Құдайға сенім білдіру, Оның бізге көмектескісі келмейтін кездері сияқты кезде, Оның үнсіз кездерін, бастан шыдамдылықпен өткізуге көмектеседі. Өздерінің балаларының өтініштерін естіп, бірақ кейде орындамайтын ата-ана сияқты, Құдай бізді қашанда болса да естиді, бырақ тек біз күткендей орындамайды.

Құдаймен қатынас кезінде біз сонымен қатар түсініксіз жайларға немесе көңіл қалулыққа да дайын болуымыз керек. Бырақ көңіл қалудың себебі, Құдайдың біздің өтінішімізді орындай алмайтындығы емес, ал біздің өзіміздің, егер Ол сұрауымызды орындамаса, онда солай тиісті болу керек екенін, Оның киелі еркі сондай екенін қабылдағымыз келмейді.

Дұға оқыған кезде біз тек Құдайға ғана емес, сонымен қатар Ең Киелі Құдай Ұлын

просимого, – это не значит, что Бог нас не слышит: Он слышит, но решает по-иному. Доверие к Богу помогает нам пережить, в том числе, и молчание Бога, когда нам кажется, будто Он не желает пойти нам на встречу. Подобно родителям, которые слышат просьбы своих детей, но не всегда на них откликаются, Бог всегда слышит нас, но не всегда отвечает именно так, как мы ожидаем.

В общении с Богом мы должны быть готовы, в том числе, и к сюрпризам, и к разочарованиям. Но причиной этих разочарований является не неспособность Бога выполнить нашу просьбу, а наше нежелание понять, что, если Он ее не выполнил, значит, так и должно быть, значит, такова Его святая воля.

В молитвах мы обращаемся не только к Богу, но и к Матери Божией, Пресвятой Богородице: Она – Мать всех православных христиан. Когда Спаситель был пригвожден ко Кресту, испытывал муки и

Туған Анаға жүгінеміз: Ол – барлық православтық христианиндердің Анасы. Құтқарушы Айқышқа керіліп, адамдар үшін азап шегіп жатқанда, Ол апостол Иоанн Богословты және Өзінің Анасын Айқыштың жанында тұрғанын көреді. Құдай Ие Оған: мынау Сенің ұлың, ал шәкіртіне – мынау сенің Анаң! – дейді. Осы сөздермен Ол Иоанн Богослов арқылы бүкіл христиандарды Құдай Анасының балалары еті. Енді біз Оған Қорғаушымыз ретінде, Оның Ұлының алдында Қолдаушымыз ретінде дұға айтамыз.

Сонымен қатар біз Құдайдың әулиелеріне және Періштелерге дұға айтамыз, өйткені олар біздің үлкен ағаларымыз және әпкелеріміз және Құдай Тағының алдындағы біздің аспандық қолдаушыларымыз және біз үшін дұға айтушылар.

Православие дәстүрінде көне заманнан бері Иисус атымен айтылатын дұға бар: «Құдай Ием Иисус Христос, Құдай Ұлы, мейір көрсет маған күнәһарға». Әлде (Құдайға қызметтік кезінде жиі айтылатын) оның

страдания за людей, Он увидел апостола Иоанна Богослова и Свою Матерь, стоящих у Креста. Господь сказал Ей: се, сын Твой, а ученику – се, Матерь твоя! Этим Он в лице Иоанна Богослова усыновил Матери Божией весь род христианский. И с тех пор мы обращаемся к Ней как к нашей Заступнице и Ходатаице перед Ее Сыном.

Также мы молимся святым угодникам Божиим и святым Ангелам, как к нашим старшим братьям и сестрам, к нашим небесным покровителям и молитвенникам за нас у Престола Божиего.

В православной традиции с древних времен употребляется Иисусова молитва: «Господи Иисусе Христе, Сыне Божий, помилуй мя, грешного (грешную)». Такую молитву, или даже еще более краткую, – «Господи, помилуй» (которая часто звучит за богослужением) – можно произносить про себя. Постоянное произнесение такой молитвы помогает человеку ни на минуту не забывать о Боге.

қысқа түрі – Құдай Ием мейір көрсет» дұғасын өз ішіннен айтуға болады. Бұндай дұғаны үздіксіз айту адамның Құдайды бір минутта ұмытпауына көмектеседі.

Православтық христианиннің дұға ережесі, күнде оқылатын таң ертеңгілік және кешкілік дұғалардан тұрады. Ережені күнде орындау қажетті, өйткені олсыз жанымыз рухани өмірден оңай шығып кетеді. Дұға оқу үшін әр үлкен және қиын істерді бастау кездегідей жай шабыттандыру, жақсы көңіл күй әлде суып салып айта салу жеткіліксіз.

Монах қызметіндегілерге және рухани толық тәжірибесі бар адамдарға арналған толық дұға ережесі бар Православтық дұға кітабі басып шығарылған.

Бірақ, дұға оқуды бастағандарға бірден тиісті ережелерді түгелдей оқу қиынға түседі. Әдетте рухани ұстаздар бастаушыларға бірнеше дұғаны ғана оқуға кеңес береді.

Күндіз сонымен қатар қысқа дұғаларды оқуға болады: «Аспандағы Әкеміз», «Құдай Ұлын Туған Қыз», Иисус дұғасы.

Молитвенное правило православного христианина состоит из утренних и вечерних молитв, которые совершаются ежедневно. Этот ритм необходим, ибо в противном случае душа легко выпадает из молитвенной жизни. В молитве же, как и во всяком большом и трудном деле, одного вдохновения, настроения и импровизации недостаточно.

Существует полное молитвенное правило, рассчитанное на монахов и духовно опытных людей, которое напечатано в православном молитвослове.

Однако тем, кто только начинает учиться молитве, трудно сразу начать читать положенное правило все целиком. Обычно духовные наставники советуют начинать с нескольких молитв.

В течение дня принято также совершать краткие молитвы: «Отче наш», «Богородице Дево», Иисусову молитву.



ШҮБҮЗ СҮҢА ТҮҮ



ҚҰДАЙ
ЖАЙЫНДА



О БОГЕ



ҚҰДАЙ ЖАЙЫНДА



Құдай бүкіл әлемді ешкеңеден жаратты, тек бір Сөзімен. Ол қалағанының бәрін істей алады.

Құдай – Ең Жоғары тіршілік Иесі. Оған тең келетін жер бетінде де, аспанда да, еш жерде де жоқ.

Біз, адамдар, Оны өзіміздің ақылымызбен ұғына алмаймыз. Егер Құдай бізге Өзі жайында аспағанда, біз Ол жайында ештеңе білмейтін едік. Біздің Құдай жайында білетініміз, тек Оның бізге Өзінің ашқаны.

Құдай бірінші – Адам мен Еваны жаратқан кезінде, пейіште оларға келіп, Өзі жайында: әлемді жаратқаны жайында, Бір Шын Құдайға қалай ғибадат ету керек және Оның еркін орындау жайында ашты.

О БОГЕ



Бог сотворил весь мир из ничего, одним Своим словом. Он все может сделать, что пожелает.

Бог – высочайшее существо. Ему нет равного никого и нигде, ни на земле, ни на небе.

Мы, люди, своим разумом вполне постичь Его не можем. И сами мы ничего не могли бы узнать о Нем, если бы Сам Бог не открыл нам о Себе. Что мы знаем о Боге – все это открыто нам Им Самим.

Когда Бог сотворил первых людей – Адама и Еву, то являлся им в раю и открывал им о Себе: как Он сотворил мир, как нужно веровать в Единого Истинного Бога и как исполнять волю Его.

Құдайдың бұл ілімі басында ауыздан ауызға берілді, ал одан кейін Құдайдың бұйрығы бойынша Моисеймен және басқа да пайғамбарлармен киелі кітаптарға жазылды.

Соңында, Құдайдың Өз Ұлы, Иисус Христос жерге келіп, адамдарға Құдай жайында не білу керек екенін толығымен ашты. Ол адамдарға ұлы сырды ашты, Құдайдың бір екенін, бірақ үш Жүзді екенін. Бірінші Жүз – Құдай Әке, екінші Жүз – Құдай Ұл, үшінші Жүз Құдай Киелі Рух.

Бұл үш Құдай емес, ал бір Құдай үш Жүзді, Бірмәністі және Бөлінбейтін Үшім. Үш Жүздің бірдей Құдайлық теңгілігі бар, олардың арасында үлкен кішісі жоқ; Құдай Әке шын Құдай болғандай, Ұлда шын Құдай, және Киелі Рух та шын Құдай.

Иисус Христос Ең Киелі Үшімнің құпиясын аша отырып, бізді тек Құдайға құлдық етуді ғана үйреткен жоқ, бірақ сонымен қатар Ең Киелі Үшімнің – Әке, Ұл және Киелі Рухтың Жүздері мәңгі бір-бірімен үздіксіз махаббатта болып, Өздерімен бір Тірі

Это учение Божие сначала передавалось устно из рода в род, а потом, по внушению Божию, было записано Моисеем и другими пророками в Священные книги.

Наконец, Сам Сын Божий, Иисус Христос, явился на землю и дополнил все, что нужно знать людям о Боге. Он открыл людям великую тайну, что Бог один, но троичен в Лицах. Первое Лицо – Бог Отец, второе Лицо – Бог Сын, третье Лицо – Бог Дух Святый.

Это не три Бога, а один Бог в трех Лицах, Троица Единосущная и Нераздельная. Все три Лица имеют одинаковое Божеское достоинство, нет между ними ни старшего, ни младшего; как Бог Отец есть истинный Бог, так и Бог Сын есть истинный Бог, так и Дух Святый есть истинный Бог.

Иисус Христос через раскрытие тайны Пресвятой Троицы научил нас не только истинно поклоняться Богу, но и любить Бога, так как все три Лица Пресвятой Троицы – Отец, Сын и Святой Дух – вечно пребывают

Ағзаны құрағандықтан, Құдайды жақсы көруді үйретті. Құдай бәріненде толықты Махаббат болып табылады.

Құдайдың Өзі жайында бізге ашқан ұлы құпиясы – Киелі Үшімнің құпиясын, біздің әлсіз ақылымыз түсіне алмайды.

Әулие Кирилл, славяндардың үйретушісі, Ең Киелі Үшімнің құпиясын былай түсіндіргісі келді: «Аспанда жарқыраған шеңберді көрдіңдер ме және одан жарық және жылулық шығатынын? Құдай Әке, күннің шеңбері сияқты, басталуы да, аяқталуы да жоқ. Одан мәңгі Құдай Ұлы туылады, күннен жарық төгілгендей; және күннен жарықпен бірге жылылық шыққандай, Киелі Рух шығаты. Кімде болса күннің шеңберін, және жарығын, және жылылығын ажырата алады. Бірақ бұл үш күн емес, ал асандағы бір күн. Сол сияқты Киелі Үшім де: үш Жүзді, бір және бөлінбейтін Құдай».

Әулие Августин былай дейді: «Сен Үшімді, егер махаббатты көрсең, көресің».

друг с другом в непрерывной любви и составляют Собою одно Существо. Бог есть совершеннейшая Любовь.

Великую тайну, которую открыл нам Бог о Себе, – тайну Святой Троицы, наш слабый ум не может вместить, понять.

Святой Кирилл, учитель славян, старался так объяснить тайну Пресвятой Троицы, он говорил: «Видите на небе круг блестящий – солнце, и от него рождается свет и исходит тепло? Бог Отец, как солнечный круг, без начала и конца. От Него вечно рождается Сын Божий, как от солнца – свет; и как от солнца вместе со светлыми лучами идет и тепло, исходит Дух Святой. Каждый различает отдельно и круг солнечный, и свет, и тепло. Но это не три солнца, а одно солнце на небе. Так и Святая Троица: три в Ней Лица, а Бог единый и нераздельный».

Святой Августин говорит: «Ты видишь Троицу, если видишь любовь». Это значит,

Бұл Ең Киелі Үшімнің құпиясын біздің әлсіз ақылымызбен емес, жүрегімізбен түсіне алатынымызды білдіреді.

Құдай Ұлы Иисус Христостың ілімі, Оның үйренушілерімен, Евангелие деп аталатын киелі кітапқа жазылды. «Евангелие» деген сөз, игі әлде ізгі хабар дегенді білдіреді. Ал барлық киелі кітаптар бір кітап болып жиналған, Библия деп аталады. Бұл грек сөзі, ал қазақша кітаптар дегенді ілдіреді.

что тайну Пресвятой Троицы скорее можно понять сердцем, то есть, испытывая любовь, чем нашим слабым умом.

Учение Иисуса Христа, Сына Божия, было записано Его учениками в Священную книгу, которая называется Евангелием. Слово «Евангелие» – значит благая, или добрая весть. А все Священные книги, соединенные вместе, в одну книгу, называются Библией. Это слово греческое, оно означает «книги».



БҮРҮҖҖ ПРҖСҖТЫҖ БҖҖЫ - БҖСҖДҖДҖРҖСҖКҖЙ.



ТАҢ ЕРТҖҢГІЛІК ДУҖАЛАР



МОЛИТВЫ ҮТРҖННИЕ



ТАҢ ЕРТҰҢГІЛІК ДҰҒАЛАР



*Таң ертең ұйқыдан тұрып, ештеңе батамай
тұрып, аса құрметпен өзіңді бәрін Көретін
Құдайдың алдында тұрғаныңды елестетіп,
өзіңе кресті белгі салып, былай де:*

Әкенің, және Ұлдың, және Киелі Рухтың
атынан. Аумин.

*Содан кейін сезімдеріңнің бәрі орнына келіп,
ойларыңнан жергіліктің бәрі кеткеннен кейін,
асықпай, жүрегіңнің назарымен қалған қысқа
дұғаларды тәжім етіп оқы.*

Ием Иисус Христос Құдай Ұлы Сенің
Анаңның және әулиелердің дұғаларымен
бізді жарылқай гөр. Аумин.

Даңқ Саған Құдайымыз біздің, даңқ Саған.

МОЛИТВЫ УТРЕННИЕ



*Встав от сна, прежде всякого другого дела,
стань благоговейно, представляя себя пред
Всевиждающим Богом, и, совершая крестное
знамение, произнеси:*

Во имя Отца, и Сына, и Святого Духа.
Аминь.

*Затем немного подожди, пока все чувства
твои придут в тишину и мысли оставят всё
земное, и тогда соверши положенные краткие
молитвы с поклонами, без поспешности и со
вниманием сердечным.*

По молитвам святых отцов наших, Господи
Иисусе Христе Боже наш, помилуй нас.

Слава Тебе, Боже наш, слава Тебе.

Киелі Рұхқа дұға*

Патшасы Аспанның,
Жұбатушы, Шындық Рухы,
әр жерде бар және баршаны
Толтырушы,
ізгілердің Асылы және өмір
Беруші, келіп жүрегімізге орналас,
әр түрлі жамандықтан бізді тазарт
және құтқар, Ізгі Құдайымыз,
жандарырымыздың біздің.

* Дұғаның атауы аударылмайды

Молитва Святому Духу*

Царь Небесный,
Утешитель, Дух Истины,
езде пребывающий
и всё наполняющий,
Сокровищница благ и жизни
Податель, приди и вселись в нас,
и очисти нас от всякой скверны,
и спаси,
Благой, души наши.

* Названия молитв не произносятся

Үш Киелі

Киелі Құдай, Киелі Күшті,
Киелі Өлімсіз бізге мейірім көрсет
(үш рет оқылады). Әкеге,
және Ұлға, және Киелі Рухқа даңқ,
кәзір де, және әр қашан да,
және ғасырдан ғасырға.
Аумин.

Трисвятоє

Святой Боже, Святой Крепкий,
Святой Бессмертный, помилуй нас
(Трижды). Слава Отцу, и Сыну,
и Святому Духу, и ныне,
и всегда, и во веки веков.
Аминь.

Киелі Үшімге Дұға

Ең Киелі Үшім, бізді жарылқа;
Құдайымыз біздің күнәларымызды
тазала, Әміршіміз біздің
заңсыздығымызды кешір;
Киелі, келіп біздің әлсіздігімізді
жаз, Өз атың үшін.
Құдай Ие, мейір көрсет (*үш рет*).
Әкеге, және Ұлға, және Киелі Рухқа
даңқ, кәзір де, және әр қашан да,
және ғасырдан ғасырға.
Аумин.

Молитва Святой Троице

Пресвятая Троица, помилуй нас;
Господи, очисти грехи наши;
Владыка, прости беззакония наши;
Святой, посети и исцели немощи
наши, имени Твоего ради.
Господи, помилуй (*Трижды*).
Слава Отцу, и Сыну, и Святому Духу,
и ныне, и всегда, и во веки веков.
Аминь.

Құдай Иенің дұғасы

Аспандаға Әкеміз!
Сенің атың киеліне берсін;
Сенің Патшалығың келсін;
Сенің еркің жер бетінде
аспандағындай орнасын;
күнделікті нанымызды
бізге әрдайым бере гөр
және бізге қарыздар болғандарды
кешіргеніміздей, біздіңде
қарыздарымды кешіре гөр;
азғыруымызға жол бермей,
азғыртушыдан (әзәзілдан)
сақтай гөр.
Өйткені Сенің Патшалығың,
және күшің, және даңқың
ғасырдар ғасырға. Аумин.

Молитва Господня

Отче наш, Который на Небесах!
Да святится имя Твое;
да придёт Царство Твое;
да будет воля Твоя и на земле,
как на Небе;
хлеб наш насущный
дай нам сегодня;
и прости нам долги наши,
как и мы прощаем
должникам нашим;
и не введи нас во искушение,
но избавь нас от лукавого.
Ибо Твое Царство, и сила,
и слава во веки. Аминь.

Ең Киелі Үшімге тропарлар

Ұйқыдан тұрып, Саған жығыламыз, Игі,
және періштелердің әнін Саған дауыстап
айтамыз, Күшті: «Киелісің, Киелісің, Киелісің
Сен, Құдай, Құдай Ұлын Туған Ананың
дұғасымен бізге мейірім көрсет!»

Әкеге, және Ұлға, және Киелі Рухқа даңқ.

Төсектен және ұйқыдан Сен мені ояттың,
Құдай Ием! Ақылымды және жүрегімді
жарықтандыр, және Сені мадақтауға
аузымды аш, Киелі Үшім: «Киелісің, Киелісің,
Киелісің Сен, Құдай, Құдай Ұлын Туған
Ананың дұғасымен бізге мейірім көрсет!»

Және әр қашан да, және ғасырдан ғасырға.
Аумин.

Кенеттен Би келеді, сонда әркімнің ісі
ашылады. Бірақ қорқынышпен түн
ортасында айқайлайық: «Киелісің, Киелісің,
Киелісің Сен, Құдай, Құдай Ұлын Туған
Ананың дұғасымен бізге мейірім көрсет!»

Құдай Ие мейірім көрсет (12 рет).

Тропарі Пресвятой Троице

Восстав от сна, припадаем к Тебе, Благой,
и ангельскую песнь возглашаем Тебе,
Сильный: «Свят, Свят, Свят Ты, Боже,
по молитвам Богородицы помилуй нас!»

Слава Отцу, и Сыну, и Святому Духу.

С постели и от сна Ты поднял меня,
Господи! Ум мой просвети и сердце, и уста
мои отверзи, чтобы воспевать Тебя, Святая
Троица: «Свят, Свят, Свят Ты, Боже,
по молитвам Богородицы помилуй нас!»

И ныне, и всегда, и во веки веков.
Аминь.

Внезапно Судия придёт, и дела каждого
обнаружатся. Но в страхе воскликнем
в полночь: «Свят, Свят, Свят Ты, Боже,
по молитвам Богородицы помилуй нас!»

Господи, помилуй (12 раз).

Ең Киелі Үшімге дұға

Ұйқыдан тұрып, алғысымды айтамын
Саған, о, Бір Құдай – Киелі Үшім, Сенің ұлы
игіліңмен және көп шыдамдығыңмен, Сен,
Құдай, маған еріншекке және күнәліге
ашуланбадың, және заңсыздықтарыммен
мені өлтірмедің, бірақ Өзіңнің
адамсүйгіштігіңмен, сезімсіз жатқанды
көтердің, менің таң ертең Саған жүгініп,
Сенің билігіңді даңқтау үшін. Енді менің
ақылымның назарын жарықтандыр, менің
аузымды аш, Сенің сөзіңді үйрену үшін,
және Сенің өсиеттеріңді ұғынайын, және
Сенің еркінді орындайын, және ән айтып,
Сені шын жүректен мадақтайын, және
бәрінен де киелі Сенің атыңды, Әкенің, және
Ұлдың, және Киелі Рухтың кәзірде, және әр
қашан, және ғасырдан ғасырға. Аминь.

Келіндер, біздің Патшамызға,
Құдайымызға құлдық етіп бас иейік.
Келіндер, біздің Христос Патшамызға,
Құдайымызға құлдық етіп бас иейік.
Келіндер, біздің Христос Патшамыздың
Өзіне, Құдайымызға құлдық етіп бас иейік.

Молитва Пресвятой Троице

Восстав от сна, благодарю Тебя,
о, Единый Бог – Святая Троица, что по
великой Твоей благодати и долготерпению,
Ты, Боже, не прогневался на меня,
ленивого и грешного, и не погубил меня
с беззакониями моими, но оказал мне
обычное Твое человеколюбие, и поднял
меня, в бесчувствии лежащего, чтобы я
рано утром к Тебе обратился и славословил
власть Твою. И ныне просвети взоры
мыслей моих, отверзи уста мои, чтобы мне
поучаться слову Твоему, и уразумевать
заповеди Твои, и творить волю Твою,
и петь, прославляя Тебя от сердца, и
воспевать всесвятое имя Твое, Отца, и Сына,
и Святого Духа ныне, и всегда, и во веки
веков. Аминь.

Придите, поклонимся Царю нашему, Богу.
Придите, поклонимся и припадем ко
Христу, Царю, нашему Богу.
Придите, поклонимся и припадем
к Самому Христу, Царю и Богу нашему.

50-ші псалом

Мейірім көрсете, кешір мені Құдай Ием аса Сенің мейіріміңе бола және көптеген жомартығыңа бола менің жаңсыздықтарымды тазарт. Ең алдымен менің жаңсыздықтарымды жуып күнәләрімді тазарт. Өйткені мен жаңсыздықтарымды білемін және күнәларым менің алдымда тұр. Саған, Бір Құдайға күнәләндім және Сенің алдында жамандық істедім, сондықтан Сен үкіміңде оңшылсың және сотыңда жеңіп шығасың. Заңсыздықта құрсаландым мен және күнәләрінде мені туды анам менің. Шындықты сүйетініңді білемін мен және асыл құпияның даналығын Сен маған аштың. Иссопен мені бүркітесің, сонда, қардан ақ боламын. Маған қуанышпен шаттық естітерсің, сонда, кішіпейілділердің сүйектері қуанышқа толады. Күнәләрімнен менің бетіңді қайтара гөр және бар жаңсыздықтарымды менің тазарт. Жүрегімді менің тазарт Құдай Ием және шындық тынын қайта маған тудыр. Мені жүзіңнен Сенің

Псалом 50

Помилуй меня, Боже, по великой милости Твоей и по множеству щедрот Твоих изгладь беззаконие моё; совершенно омой меня от беззакония моего, и от греха моего очисти меня. Ибо беззаконие моё я знаю, и грех мой всегда предо мною. Тебе, Единому, я согрешил и злое пред Тобою сотворил, – да будешь оправдан в словах Твоих и победишь, если вступят с Тобою в суд. Ибо вот, я в беззакониях зачат, и во грехах родила меня мать моя. Ибо вот, Ты истину возлюбил, сокрытое и тайное премудрости Твоей мне открыл. Ты окропишь меня иссопом – и буду очищен; омоешь меня – и сделаюсь белее снега, дашь мне услышать радость и веселие – возрадуются кости униженные. Отврати лицо Твоё от грехов моих и все беззакония мои изгладь. Сердце чистое сотвори во мне, Боже, и Дух Правый обнови внутри меня. Не отринь меня от лица Твоего и Духа Твоего Святого не отними от меня. Возврати мне радость спасения Твоего и Духом Владычественным утверди меня. Научу беззаконных

қайтарма және Киелі Тыныңды Сенің менен тартып алма. Құтқарылуыңның қуанышын маған бер және Құдіретті Тыныңмен мені нығайт. Заңсыздарды Сенің жолыңа үйретейін, сонда, бұзақылар Саған беттерін бұрады. Қантөгістен мені босат, Құдайым, Құдайым, Құтқарушым менің, сонда, қуанышта менің тілім Сенің шындығыңды мадақтайды. Құдай Ием аузымды менің аш, сонда, аузым менің Саған мақтаныш айтады. Егер Сен құрбандық тілегің келсе, мен әкелер едім, бірақ Сен бәрін жағуға ізгілік етпейсің. Құдайға деген құрбандық бар жан-тәніңмен және адал жүректі кішіпейілдік, Құдай кемсітпейді. Көрсет рақымыңды Құдай Ием Сионға, Иерусалим қабырғалары тұрғызылсын. Сонда шындық құрбандығына ізгілік етесің, көкке көтеруге және бәрін жағуға, сонда Сенің мехрабыңа құрбандық таналарын қойады.

путям Твоим, и нечестивые к Тебе обратятся. Избавь меня от кровей, Боже, Боже спасения моего, возрадуется язык мой правде Твоей. Господи, Ты откроешь уста мои, и уста мои возвестят хвалу Твою. Ибо если бы жертвы Ты восхотел, я дал бы её, – к всесожжениям не будешь благоволять. Жертва Богу – дух сокрушённый, сердца сокрушённого и смиренного Бог не презрит. Облагодетельствуй, Господи, во благоволении Твоём Сион, и да будут воздвигнуты стены Иерусалима, – тогда примешь благосклонно жертву правды, возношение и всесожжения, тогда возложат на высокий жертвенник Твой тельцов.

СЕНІМ СИМВОЛЫ

Сенемін, Бір Дүние Ұстайтын Жалғыз Құдай Әкеге, аспан мен жерді, көзге көрінетін және көрінбейтінді Жаратушыға; және Бір.

Ие Иисус Христос Құдай Ұлына, (Әкеден) Біртуған, барлық ғасырдан бұрын Әкеден туған; Жарықтан Жарық, шын Құдайдан шын Құдай, Туылған, жаратылмаған, Әкемен бір мәністі, барлық нәрсе Ол арқылы пайда болған. Біздер адамдар үшін және біздің құтқарылуымыз үшін аспаннан (түсіп) келген, Киелі Тыннан және Мәриам Қыздан денеленіп адам болды. Біздер үшін Понтий Пилат уақытында Айқыш ағашқа керіліп шегеленіп, азапқа берілген, кәбірге салынған, үшінші күні Киелі жазбаларда (пайғамбарлар арқылы)

СИМВОЛ ВЕРЫ

Верую во единого Бога, Отца, Вседержителя, Творца Неба и земли, всего и видимого и невидимого.

И во единого Господа Иисуса Христа, Сына Божия, Единородного, от Отца рожденного прежде всех веков, Света от Света, Бога истинного от Бога истинного, рожденного, несотворенного, единосущного Отцу, через Которого всё произошло. Ради нас, людей, и нашего ради спасения, сошедшего с Небес, и воплотившегося от Духа Святого и Марии Девы, и вочеловечившегося. Распятого же за нас при Понтии Пилате, и страдавшего, и погребенного. И воскресшего в третий день, по Писаниям. И восшедшего на Небеса, и сидящего справа от Отца. И снова грядущего со славою

айтылғандай тіріліп тұрды. Аспанға көтеріліп (Құдай) Әкенің оң жағында отыр. Тірілермен өлгендерді тағайындау үшін даңқымен қайта келеді, Оның Патшалығы шексіз.

Және Өмір беруші Киелі Рух Құдайға, Әкеден шығады, Әке және Ұлмен бірге табындасатұғын және бірге даңқталатын, пайғамбарларды сөйлеткен. Жалғыз Киелі Әлембіріктіретін және Апостолдық Шіркеуге; күнәнарды кешіру үшін бір шомыдыруды куәландырамын өлгендердің тағайындау күнінде тіріліп тұратынын және болашақтағы өмірді үміттен күтемін.

Аумин.

судить живых и мёртвых, и Царству Его не будет конца.

И в Духа Святого, Господа, Животворящего, от Отца исходящего, со Отцом и Сыном равно поклоняемого и славимого, говорившего чрез пророков. Во единую, Святую, Соборную и Апостольскую Церковь. Признаю одно Крещение для прощения грехов. Ожидаю воскресения мёртвых и жизни будущего века.

Аминь.

1-ші тілек Әулие Ұлы Макаридікі

Құдайым,
тазарт мені күнәліні, өйткені
мен Сенің алдында ешқандай
жақсылық істемедім; бірақ мені
сақта әзәзілден, және менде Сенің
еркің болсын, құнсыз аузымды
айыпсыз ашып, Сенің киелі атыңды
мадақтайын, Әкенің, және Ұлдың,
және Киелі Тынның, кәзірде,
және әр қашанда, және ғасырдан
ғасырға. Аумин.

Молитва 1, автор — преподобный Макарий Великий

Боже,
очисти меня, грешного, ибо я
никогда не делал доброго пред
Тобою, но избавь меня от зла и да
будет во мне воля Твоя, чтобы мне
не в осуждение открыть уста мои
недостойные и восхвалить
имя Твоё святое, Отца, и Сына,
и Святого Духа ныне, и всегда,
и во веки веков. Аминь.

2-ші тілек сол әулиенікі

Түн ортасында ұйқыдан тұрып ән
айтам Саған Құтқарушым,
және табаныңа жығылып,
шақырамын Сені; күнәлік өліміне
ұйықтатпа мені, бірақ аяушылық
көрсет маған, Өз еркіңмен креске
керілген, және қамсыз жатқанды
көтеруге асық, және құтқар мені,
Сенің алдыңда тіленіште тұрғанды;
түнгі ұйқыдап кейін жібер маған
ашық және күнәсіз күнді,
Христос Құдайым, және құтқар мені.

Молитва 2, автор тот же

Восстав от сна, полночную песнь
приношу Тебе, Спаситель,
и припадая к стопам Твоим,
взываю Тебе: не дай мне уснуть во
греховой смерти, но сжалься надо
мною, добровольно претерпевший
распятие, и скоро подними меня,
беспечно лежащего, и спаси меня,
стоящего пред Тобою на молитве.
И после сна ночного пошли мне
ясный день безгрешный,
Христе Боже, и спаси меня.

3-ші тілек сол әулиенікі

Саған, Билеуші Адамсүйгішке,
ұйқыдан тұрып асыға ұмтыламын
(көмек сұраймын),
және Сен құптайтын істерді қолға
аламын мейірімділігіңмен Сенің
және тіленемін Саған: көмектес
маған қай уақытта болса да,
және бар әрекеттерде де, және сақта
мені дүниенің жаман істерінен,
және шайтанның іс әрекеттерінен,
және құтқар мені, және бағытта
мені мәңгі Сенің Патшалығыңа.
Өйткені Сен менің Жаратушымсың,
бар игіліктің Көзқайнарысың және
Берушісің; Саған менің бар үмітім,
және Саған мақтаныш айтамын,
кәзір де, және әр қашанда,
және ғасырдан ғасырға. Амин.

Молитва 3, автор тот же

К Тебе, Владыка Человеколюбец,
восстав от сна я спешу,
и за дела Тебе угодные принимаюсь,
по милосердию Твоему,
и молюсь Тебе: помоги мне во
всякое время, во всяком деле,
и избавь меня от всякой злой
превратности в мире сем и от
дьявольского содействия,
и спаси меня,
и введи в Царство Твое вечное.
Ибо Ты – мой Творец и всякого
блага Промыслитель и Податель.
И в Тебе – вся надежда моя,
и Тебе славу воссылаю, ныне,
и всегда, и во веки веков. Аминь.

Ең Киелі Құдай Ұлын Тұған Анаға дұға

Ең Киелі менің Құдай Ұлын Тұған Ана
Билеушім, Сенің киелі және шектен
тыс өтінішіңмен, кіші пейілді және
бейшара құлыңнан жабырқаулықты,
ұмытшақтықты, ақылсыздықты,
бойкүйездікті және жаман, қуланған
және жағымсыз ойларды менің
байқұс жүрегімнен және түнерген
ақылымнан қу, және менің от боп
жанған құмарлықтарымды өшір,
өйткені мен бақытсызбын. Және мені
көптеген залалды еске алуларды және
талаптардан құтқар, және барлық
жаман істерден босат мені, өйткені
Сені барлық ру мадақтайды және
аса құрметті Сенің атың даңқталады
ғасырдан ғасырға. Амин.

Молитва ко Пресвятой Богородице

Пресвятая Владычица моя,
Богородица, святыми Твоими
и всесильными мольбами отгони
от меня, смиренного и несчастного
раба Твоего, уныние, забвение,
неразумие, нерадение и все
скверные, лукавые и хульные
помышления от бедного моего
сердца и от помраченного ума моего,
и погаси пламя страстей моих,
ибо я убог и несчастен.
И избавь меня от многих и пагубных
воспоминаний и намерений,
и от всех дел злых освободи меня,
ибо благословляют Тебя все роды
и славится многочтимое имя Твое
во веки веков. Аминь.

Адам өмірін қорғайтын Періштеге дұға

Киелі Періште, менің байқұс
жанымды қорғау үшін қойылған,
мені күнәһарды тастама,
және менің шыдамсыздығыма бола
меннен кетпе.

Зұлым әзәзілге осы өлімді тән
арқылы маған билік етуіне
мүмкіндік берме.

Менің сорлы түскен қолымды
мықтылап ұстап, мені құтқарылу
жолына шығар.

О киелі Құдай Періштесі, менің
байқұс жаным мен тәнімнің
қорғаушысы және қамқоршысы!

Молитва к Ангелу, хранителю человеческой жизни

Святой Ангел, поставленный
блюсти мою бедную душу и
несчастную жизнь, не оставь меня,
грешного, и не отступи от меня за
невоздержание моё.

Не дай возможности злему демону
властвовать надо мною посредством
смертного тела сего.

Возьми крепко несчастную
и опустившуюся мою руку
и выведи меня на путь спасения.

О, святой Ангел Божий,
хранитель и покровитель
бедной моей души и тела!

Кешір мені егер Сені бүкіл өмірімде
ренжітсем, егер мен өткен түнде
күнә жасасам, осы күні мені қорға
және мені жаудың қандай да болса
азғыруынан сақта, мен еш күнәммен
Құдайды ашуландырмауым үшін,
және мен үшін Құдай Иеге дұға оқы,
мені Ол Өзінің еркін орындауға
бегітсін және мені Өзінің игілігінің
лайықты құлы болуына жеткізсін.
Аумин.

Прости мне всё, чем я оскорбил тебя
во все дни жизни моей, и если чем
согрешил я в прошедшую ночь сию,
защити меня в настоящий день и
сохрани меня от всякого искушения
вражеского, чтобы мне никаким
грехом не прогневать Бога, и молись
за меня Господу, да утвердит Он
меня в страхе Своем и покажет меня
